

«Өз өмірім өзіме құнды»

Семей қаласы геодезия және картография колледжі кітапханашыларының ұйымдастыруымен 202 топ студенттері және жетекшісі Самарханов Саят Габдыльмуталиповичтің қатысуымен саналы ұрпақ тәрбиелеуде ұйымдастырылған.

«Өз өмірім өзіме құнды» атты тәрбие сағаты өтті. Тәрбие сағатының басты мақсаты: Студенттердің өмірге деген бейімділігін, табандылық қарым-қатынаста болуын қалыптастыру, өмірдің құндылығын сезіндіру, кішіпейілділікке, мейірімділікке, ізеттілікке, сабырлылыққа тәрбиелеу болды.

Өмір, адамгершілік жайлы буклеттер, кітаптар, тірек сызбалар қойылып, слайд көрсетілді. Сынып сағаты барысында Қасымова Сания Турсуновна өмір, адамгершілік жайлы өлеңдер, Абайдың қара сөздерінен мысалдар келтірді, студенттерге сұрақтар қойып, ситуациялық жағдаяттарға Құдайбергенов Дамир, Еслямбек Абулхаир, Кенесханов Елдос өз ойларын ортаға салып, белсенділік танытты.

Сен де бір кірпіш, дүниеге

Кетігін тап та, бар, қалан!.- деп Ұлы дана, дара ақын Абай Құнанбаев айтқандай жастардың өмірден өз орнын табуға, адамгершілік қасиеттерден арылмауға, қоғамда адал адам болып қалыптасуларына сәттілік тіледі. Тәрбие сағаты қызықты да, тартымды өтті.

